



# ҚАЗАҚЫ ДӘСТҮРДІ ТЕРЕҢ ЗЕРТТЕГЕН

Тюрколог, этнограф,  
археолог В.В.Радловтың  
туғанына 170 жыл  
(1837-1948)

Әр елдің, әр халықтың рухани, мәдени, тарихи құндылықтары бар. Ол құндылықтар қаншалықты көне болса, оның зерттелу тарихы да соншалықты тереңге барады. Сол сияқты қазақ халқының рухани мұрасын зерттеу, жинақтау жолының түп негізі де тым тереңге барады. Оның көне іздері V-VIII ғасыр ескерткіштері Орхон-Енисей жазбаларынан табылса, одан бергі орта ғасырлық жазба деректердің барлығында да халық мұрасы өз тамырын үзбей, әр деңгейде бой көтеріп отырады. Олардың жүйелі түрде толық ғылыми негізде хатқа түсіп жариялануы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Осы кезеңде қазақ фольклоры мен этнографиясын зерттеу жұмысы бірнеше бағытта, әртүрлі әдіспен жүзеге асырыла бастады. Қазақ фольклорын, тілін, этнографиясын ғылыми сатыда академиялық түрде зерттеген ғалымдар бар. Бұл адамдар фольклорлық және әдеби шығармаларды ғылыми түрде талдап, зерттеуге бағыт алған. Сексенінші жылдардан бастап, 1890-1900 жылдар аралығында қазақ ауыз әдебиеті жөнінде ғылыми еңбектер мен библиографиялық көрсеткіштер жиі шыға бастады.

Бұл кезең Шоқан, Абай, Ыбырай сияқты ұлы тұлғалар мен қазақ мәдениетінің дамуына қомақты үлес қосқан Т.Сейдалиев, Т.Дауылбаев, С.Жантөрин, М.-Ж.Көпеев, С.Шорманов терізді қазақтың ұлы зиялыларын өмірге әкелді.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ фольклорын зерттеп, қазағға түсірген, кейінгі ұрпаққа жеткізу бағытында елеулі еңбек жасағандар - орыс саяхатшысы, этнограф және географ Г.Н.Потанин және тюркология ғылымының бүкіл бір дәуірін зерттеген атақты ғалым В.В.Радлов.

Ұлы ғалым, Шығыс зерттеушісі, тілтанушы - тюрколог, этнограф, археолог, Петербург Ғылым Академиясының академигі Радлов Василий Васильевич (Фридрих Вильгельм) 1837 жылы 5 қаңтар күні туған. Ол 1858 жылы Берлин университетін бітірген. 1885-1990 жылдары Азия антропология және 1894-1918 жылдары этнография мұражайларының директоры, 1903-1918 жылдары Орта және Шығыс Азияны зерттеу жөніндегі орыс комитетін құрушылардың бірі және оның төрағасы болды. Берлин, Галл қалаларында

текстологиясы мен көне түркі, көне ұйғыр және араб жазуымен жазылған ескерткіштер, түркі халықтарының фольклоры, этнографиясы, тарихы және археологиясына байланысты түбегейлі де көп зерттеулер қалдырды. Оның тарих пен этнография саласындағы туындылары мына мәселелерді қамтыды: 1) Сібір мен Орта Азия түркі тілдес халықтарының этнографиясы; 2) олардың көне тарихы; археологиясы мен мәдениетінің даму жолдары; 3) аңшылық пен көшпелі халықтардың тарихи даму ерекшеліктері, әсіресе түркі халықтарының рулық құрамын анықтауға үлкен мән берді. Өйткені ол қай халықтың болмасын шығу тегін оның рулық құрамы арқылы білуге болады деп есептеді.

В.Радлов жалпы тіл білімі мен түркі тіл білімінің теориялық мәселелері туралы да еңбек сіңірді. Оның ел аузынан далме-дал жазып алған шығармалары, ақын-жыршыларға берген мінездемесі, халық ауыз әдебиетінің жанрлық құрамын белгілеу, халық шығармаларының тіл және стиль ерекшеліктерін анықтауы күні бүгінге дейін мән-маңызын жойған жоқ.

Ғалым түркі жазба ескерткіштерін ашуға да көп үлес қосты. В.Томсенмен қатар Монғолия өңірінен табылған Орхон жазбаларының ерекшеліктерін, сырын тануда үлкен білгірлік көрсетті. Ол қазақ ауыз әдебиетін жеке жанрларға саралай келіп, мынадай «жанрларды» атады: ұзатылатын қыз өлеңі, жоқтау жыр, бақсы сарыны, бата сөз, үлгі сөз, ертеке, батырлық ертегі, айтыс, қайым өлең, қара өлең, кітаби өлең.

В.Радлов салыстырмалы-тарихи зерттеулерінің нәтижесінде Орта Азия, Қазақстан және Сібірдегі түркі халықтары фольклорының төркіні ортақ екенін айтты. Ол қырғыз эпосы «Манасты» жазып алып, бастырып шығарды. Өзінің көптеген ғылыми еңбектерімен жана тюркологияның негізін қалады, ғылыми бағытын анықтап, мектебін ашып берді. Тюркология ғылымының дамуына зор еңбек етіп, отан тюркологиясының шын мәнісінде ірге тасын қалады.

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың ақпараттық-библиографиялық бөлімі ғалым В.В.Радловтың 170 жылдығына арналған екі тілде құрастырылған естелік жасады. Естелік мына бөлімдерден тұрады:

- В.В.Радлов туралы қысқаша библиографиялық анықтама
- В.В.Радлов туралы әдебиеттер тізімі
- Библиографиялық көрсеткіштерде жарияланған еңбектері берілген.

Сонымен қатар, осы көрнекті датаға байланысты кітапханаға көпшілік шаралар: ақпарат, библиография күндері, әдеби шолулар өткізілуде.

**М.ИСАҚАЕВА.**

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың бас библиографы.

оқып жүрген кездерінен бастап ғалым шығыс тілдерімен шұғылданды, оны Орал-Алтай тілдері мәселелері қызықтырды. Иен қаласында философия докторы дәрежесін алған.

В.Радловтың ғылыми өмірі үш кезеңге (Алтай, Қазан, Петербург) бөлінеді: Алтай кезеңінде (1859-1871) Радлов қазақ тілін зерттеуде жемісті еңбек етті. Алтай, Қазақстан және Сібір түркі тілдеріне, фольклорына, этнографиясына, тарихына қатысты материал жинады. Көптеген фактілерді жинақтай келіп, бір жүйеге түсірді. Осы кезеңде «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» атты жинағының 1-томы жарық көрді (мұның 3-томы түгелдей қазақ ауыз әдебиетіне арналған). Қазан кезеңінде (1871-1884) көптеген ғалымдармен танысып, И.Бодуэн де Куртене тәрізді ғалымдардың ықпалында болды. Бұл мезетте ол, негізінен, педагогтық және әкімшілік қызметтер атқарды. 1872 жылы қазақ, башқұрт, татар мектептерінің инспекторы болып тағайындалды. Осы уақытта оның екі еңбегі: «Солтүстік түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» және «Сібірден» (екеуі де неміс тілінде) жарық көрді. Петербург кезеңі (1884-1918) ғылыми жағынан ең жемісті кезең. Бұл кезде Радловтың бірнеше құнды зерттеулері басылды. Әсіресе көп томды «Түркі тілдері сөздігін жасау тәжірибесі» атты еңбегі баспадан шықты. Құнды еңбектерінің тағы бірі - «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» деп аталды. Радлов көне түркі жазба ескерткіштерін, Орхон-Енисей көне ұйғыр жазуын және олардың тарихын зерттеді. Бұлардың грамматикалық құрылысы жайында да бағалы, бағдарлы пікір айтты.

Оның тюркология тарихында жасаған үлкен еңбектерінің бірі Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігінің» аудармасы. Ол бұл еңбекті жиырма жылдан астам зерттеген.

Ол тюркологияның барлық саласына зор еңбек етті. Атап айтқанда, диалектография мен диалектология, салыстырмалы және тарихи фонетика мен түркі грамматикасы, түркі